

Балқаш қаласының мәслихаты

Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2016 жылғы 8 маусымдағы № 3/32 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 28 маусымда № 3880 болып тіркелді

Маслихат г. Балхаша

**Бейбіт жиналыстар,
митингілер, шерулер,
пикеттер және демонстрациялар
өткізу тәртібін қосымша
реттеу туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», 1995 жылғы 17 наурыздағы «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы» Заңдарына сәйкес, қалалық мәслихат **ШЕШТІ**:

1. Қосымшаға сәйкес Балқаш қаласының аумағында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібі қосымша реттелсін.

2. Балқаш қалалық мәслихатының 2007 жылғы 16 шілдедегі № 45/437 «Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 8-4-80 болып тіркелген, 2007 жылғы 20 шілдедегі № 60 «Балқаш өңірі» және № 79-80 «Северное Прибалхашье» газеттерінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.



Сессия төрағасы

С. Пшенбаев

Қалалық мәслихаттың хатшысы

К. Тейлянов

Қалалық мәслихаттың
2016 жылғы 08 маусымдағы
№3/32 шешіміне қосымша

**Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар
өткізу тәртібін қосымша реттеу**

1. Балқаш қаласында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін осы қосымша реттеу (әрі қарай - Тәртіп) Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы» Заңының 10 бабына сәйкес әзірленді және Балқаш қаласында жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттейді.

2. Балқаш қаласында бейбіт жиналыстар және митингілер өткізу орындары:

- 1) М. Қазбекова көшесі бойынша №1 және №3 үйлердің арасындағы алаң;
- 2) Жидебай батыр шағын ауданындағы №1 және №3 үйлер арасындағы алаң;
- 3) Желтоқсан көшесіндегі М. Русаков ескерткіші жанындағы алаң.

3. Балқаш қаласында шерулер және демонстрациялар өткізу үшін маршруттар:

- 1) А. Молдағұлова көшесінен К. Байсеитова көшесіне дейін;
- 2) Ленин көшесінің айналмасы бойымен В. Спицын - Желтоқсан көшелерінің қиылысына дейін;
- 3) Жезқазған көшесі бойынша (Ержанов көшесінен «МИГ» ұшағына дейін).

4. Қала әкімдігі басқа тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғамдық қауіпсіздікті, сондай-ақ көліктің, инфрақұрылым объектілерінің қалыпты жұмыс істеуін, жасыл желектер мен шағын сәулет нысандарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында, қажет болған жағдайда, өтініш жасағандарға шараны өткізудің өзге уақытын, орнын және маршрутын ұсынады.

5. Жиналыс, митинг, шеру, пикет немесе демонстрация өткізу туралы өтініш оны өткізудің белгіленген күнінен кемінде 10 күн бұрын жазбаша нысанда беріледі.

6. Өтініште шараны өткізу мақсаты, нысаны, өткізілетін орны немесе қозғалыс маршруттары, оның басталатын және аяқталатын уақыты, қатысушылардың ықтимал саны, уәкілдердің (ұйымдастырушылардың) және тәртіптің сақталуына жауапты тұлғалардың тегі, аты, әкесінің аты, олардың тұратын және жұмыс істейтін (оқитын) орны, өтініштің берілген күні көрсетіледі. Өтініштің берілген мерзімі оның қала әкімдігінде тіркелген күнінен бастап есептеледі.

7. Осы Тәртіптің 5, 6 тармақтары орындалмаған жағдайда өтініш берушіге жол берілген кемшілікті жаңа өтініш беру жолымен жоюды ұсына отырып, түсіндіру мазмұнындағы жауап беріледі. Жаңа өтінішті қарау мерзімі оның түскен сәтінен бастап есептеледі.

8. Түсіндіру мазмұнындағы жауапта, ұйымдастырушылар барлық дайындық шараларын тоқтатуға және бұл туралы әлеуетті қатысушыларды тиісті хабардар ету бойынша шаралар қабылдауға жазбаша нұсқау беріледі.

9. Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар, сондай-ақ оларға қатысушылардың сөз сөйлеуі өтініште көрсетілген мақсатқа сәйкес, белгіленген мерзімде және келісілген орында өткізіледі.

10. Жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттерді, демонстрацияларды өткізу кезінде уәкілдер (ұйымдастырушылар), сондай-ақ басқа да қатысушылар қоғамдық тәртіпті сақтауы керек.

11. Уәкілеттілер (ұйымдастырушылар) жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрацияларға сотпен әрекетке қабілетсіз деп танылған тұлғалардың, алкогольдік немесе есірткілік масаң күйдегі тұлғалардың қатысуына жол бермеуі керек.

12. Уәкілеттілерге (ұйымдастырушылар) және басқа да қатысушыларға жиналыстарда, митингілерде, шерулерде, пикеттерде, демонстрацияларда жеке басын анықтауға қиындық келтіретін бетперде және басқа да бұйымдарды қолдануға жол берілмейді.

13. Уәкілеттілерге (ұйымдастырушылар) және басқа да қатысушыларға жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өтетін орында алкогольдік ішімдік ішуге, есірткі, психотроптық заттарды, олардың балама

түрлерін және прекурсорларды қолдануға, қоғамдық тәртіпті бұзуға, қылмыс жасауға шақыратын, сондай-ақ біреуді жәбірлейтін транспаранттарды, ұрандарды қолдануға, сондай-ақ көпшілік алдындағы сөздерге жол берілмейді.

14. Егер: өтініш берілмеген болса, тыйым салу туралы шешім шығарылса, өткізу кезінде Қазақстан Республикасын заңнамаларында көзделген тәртіп бұзылған жағдайда, сондай-ақ азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп төнетін, қоғамдық тәртіп бұзылатын жағдайда жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар қала әкімдігі өкілінің талап етуі бойынша тоқтатылуға тиіс.

15. Қоғамдық тәртіпті, сонымен қатар пикетке қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, қала әкімдігі бір күнде, бір уақытта және бір объектіде үшеуден аспайтын жеке дара пикетті өткізуге рұқсат беруі мүмкін.

16. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында, сонымен қатар пикетке қатысушылардың өздерінің қауіпсіздігі мақсатында түрлі дара пикетке қатысушылар бір-бірінен 50 метрден кем емес қашықтықта орналасады.

17. Пикет өткізу кезінде пикет өткізілетін объектінің алдында тұруға, отыруға, көрнекі үгіт құралдарын пайдалануға, пикеттің тақырыбы бойынша қысқа ұрандарды, ұран сөздерді (өз дауысының мүмкіндігін қолдана) айтуға жол беріледі.